

Бекітемін:

ЖК Н.И.Гайып «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: Балдырған Ж. Балтабаева

05.09.2025 2026жыл

Білім беру ұйымы "Ақбөбек" балабақшасы

Топ: "Балдырған" ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жаспан

Педагогтың аты-жөні: Бажиева А.М

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2025 жыл 2 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.09.2025 ж	Сейсенбі 09.09.2025 ж	Сәрсенбі 10.09.2025ж	Бейсенбі 11.09.2025ж	Жұма 12.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаларға өздігінен кінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәрменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Кішімің өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Қазақ тілі Жарылтпаш айту» Мақсаты: Дикцияны, шық сөйлеуді жетілдіру. Мысалдар: Қап-қара кап, қапта кап бар. Қырық қоян қырық қырағ шықты.	Коммуникативтік дағдылар Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды сөзді тез табуға, ойлауға жаттықтыру. Өткізу тәртібі: Тәрбиеші бір тақырып айтады, балалар кезекпен сөздер айтады. Жемістер (алма, өрік, жүзім...) Жануарлар (қоян, қасқыр, аю...) Көлік түрлері (автомобиль, велосипед...)	Ерте кәсіптік бағдар беру «Кім қалай ақша табады?» мамаңдықтар Әр балаға бір мамандықтың суреті беріледі. Мысалы: Дәрігер – адамды емдейді, ол үшін ақша алады. Мұғалім – балаларды оқытады, білім береді, ол үшін жалақы алады. Құрылысшы – үй салады, еңбегі үшін ақша табады. Аспаз – тамақ дайындайды, соның арқасында ақша табады. Балалар өз суретін көрсетіп, мамандығы не істейтінін және қалай ақша табатынын айтады.	«Ұлттық ойын – ұлт қызынасы» «Орамал тастау» алалар дөңгелегіне отырып шеңбер құрайды. Бір бала — жүргізуші, қолына орамалды ұстайды. Жүргізуші әңдетіп немесе таппақ айтып жүріп, байқатпай бір баланың артына орамалды қояды. Егер артында орамал жатқанын бала байқаса, тез алып, жүргізушіні қуып жетуге тырысады. Жүргізуші бос орынға жетіп отырса — қуып жеткен бала жүргізуші болады. Ал жетпей қалса, ойын сол қалпында жалғасады.	инновациялық әдістер мен тәсіл Роботка бұйрық бер» Технология: қозғалыс ойындары + роботика элементі (Bee-bot сияқты ойыншық болмаса, тәрбиеші "робот" болады) Бір бала "робот" ролінде. Басқа балалар оған қарапайым командалар береді: «Алға бір қадам», «Оңға бұрыл», «Орыңдыққа бар». Егер ойыншық робот болса, балалар командаларды түймелер арқылы басып, роботтың жүруін бақылайды.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған танертенгі жаттығулар кешені Танғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй мұрағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбір» Алал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Танғы ас	Танғы ас алдында қолдарын сүмеп сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шығаратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Алал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес VIӘ	Дене тәрбиесі Дене қимылдарын дамыту Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру; саусақтарды бүгіп-жазу; оңға-солға иілу; алға еңкею, иалқаю; аяқ ұшымен көтерілу. Негізгі қимылдар: Оқшамен жүру, сапта бір-бірден	Қазақ тілі «Менің балабақшам» Тілдік дамытушы орта: Балабақшадағы бөлмелер, ойын алаңы туралы әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ө дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру (сөздер: «өрік, бөбек, көже»).	Дене тәрбиесі Қимылды үйлестіру Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жан-жаққа созу, айналдыру; тізені бүгіп-жазу; қолды белге қойып оңға-солға иілу; оқшамен және ұшымен жүру. Негізгі қимылдар: Бір-бірден сапқа тұру, қосалқы қадаммен жүру, жүгіруді секірумен алмастыру.	Музыка Әуенді сезейік» Музыка тыңдау: Қазақ күйінен қысқа әуен тыңдату. Ән айту: «Әрқашан күн сонбесін» әнінің алғашқы шумағы. Қимыл: Домбыра тартқанды қимылмен бейнелеу. Аспап: Асатаяқты мұрақпен қағу. Би: Қазақ биінің қарапайым нық қимылы.	Дене тәрбиесі өзімділік пен ерлілікті дамыту Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды артқа апарып шапалақтау; белге қойып оңға-солға иілу; аяқпен топылдату; алға еңкею, қолды аяқтың ұшына жеткізу. Негізгі қимылдар: Жүруді жүгірумен алмастыру, шеңбер бойымен жүру, бұрылу

	жүру, бағытты өзгертіп жүру. Ырғақтық жаттығулар: Музыка әуенімен бұрын үйренген қимылдарды орындау. Ұлттық ойын: «Ақсерек-көксерек». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Тамақтанар алдында қолды жуу, бет пен қолды таза ұстау. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Киімін жинау, ұюшты ілу. Сауықтыру шаралары: Серуен кезінде тыныс алу жаттығулары.	Сөздік қор: «Тәрбиеші, ойыншық, бөлме, тақта, үстел, орындық». Грамматикалық құрылым: Сөздерді септеу (кімде? неде? үстелде, тақтада). Байланыстырып сөйлеу: Балабақша туралы қарапайым әңгіме құрастыру. Музыка «Көңілді ән, көңілді қимыл» Музыка тыңдау: Көңілді би әуені. Ән айту: Қысқа қайталамалы ән («На-на-на»). Қимыл: Шапалақтау, секіру. Аспап: Балаларға арналған барабаншықпен ойнау. Би: Қарапайым шеңбер бойымен билеу.	Ырғақтық жаттығулар: Әуен ырғағына сәйкес бау және жылдам қимылдар жасау. Ұлттық ойын: «Алтыбақан» (жерде қарапайым түрін ұйымдастыру). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Асхана құралдарын дұрыс пайдалану. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Қолданған ыдыстарды орнына қою. Сауықтыру шаралары: Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін жалпақ жүру. Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен	арқылы қозғалу. Ырғақтық жаттығулар: Музыка ырғағымен секіру, қозғалыстарды үйлестіру. Ұлттық ойын: «Соқыр теке». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Тісті тазалау, ауылды шайып үйрену. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Жуынғаннан кейін сүлгін орнына ілу. Сауықтыру шаралары: Суық сумен қолды шаю, серуен кезінде жаттығулар
«Менің ең жақын досым» Тіл дамыту және көркем әдебиетӘңгіме: «Менің досым қандай?». Дибыстық жаттығу: ж – з дыбыстарын ажырату. «Менің досым» өлеңін тыңдау. Қазақ тілі – «Әріптен сөз құрастыру» ойыны (ө, ү дыбыстарымен). Математика негіздері – «Досымды тап» ойыны: балаларды жұптап, бірдей	«Достар бірге ойнайды» Тіл дамыту және көркем әдебиетРөлдік әңгіме: «Менің досым ойыңа шақырды». Ертегі тыңдау: «Шын достық». Қазақ тілі – «Кім жылдам?» ойыны – суретке сәйкес сөз айту (қ, г дыбыстарымен). Математика негіздері – «Артық-	«Досыммен бөлісемін» Тіл дамыту және көркем әдебиетӘңгіме: «Мен досыммен не бөлісемін?». Мақал жаттау: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады». Қазақ тілі – «Сықырлы қорап» ойыны – ішінен ойыншық алып, сөз құрау (ұ, і дыбыстарымен). Математика негіздері – «Кімге қанша жетті?» – ойыншықтарды тең бөлу.	«Досым – сенімді серігім» Тіл дамыту және көркем әдебиетДиалог: «Досыма көмектессемін». Ертегі тыңдау: «Арыстан мен тышқан» (достық туралы). Қазақ тілі – Дибыстық эстафета –әр бала досқа байланысты бір сөз айтады. Математика негіздері –Геометриялық пішіндерді қолдану арқылы «Достар үйі» құрастыру.	«Достар – біздің байлығымыз» Тіл дамыту және көркем әдебиет«Менің ең жақсы досым» әңгімесі. Ертегі мазмұнын қайталау: «Шын достар». Қазақ тілі – Барлық өтілген дибыстарды қайталау: қ, г, о, ұ, ұ, і. Қысқа тақпақтар айту. Математика негіздері –Кеністікте бағдарлау: «Досым оң жағымда, сол жағымда». Уақыт: «Бүгін – ертең – кеш».

	заттарды табу. Қоршаған әлеммен таныстыру – «Досымын» – жаксы қасиеттерін атау.	«Көме» ойыны – бір заттардағы ойыншықтарды салыстыру. Қоршаған әлеммен таныстыру – Достармен ойында кимдай ережелерді сақтау ережін талқылау.			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, киімді белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінебеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелерін үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір сұта қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, сулы, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемі тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінен ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз тосқауыл орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы бауу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы бауу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қалау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құргатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құргатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: аяқтарды үгіттеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлеспеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға				

	табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, жезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рольдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қару және басқалары)	сурет салу (дәстүрлен тыс: алақанмен бояу «Досымның ізі»), жапсыру: «Досымның портреті», құрастыру: конструктордан «Достарға арналған орындықтар», мүсіндеу: «Досымның сүйікті ойыншығы». Қимыл-қозғалыс – «Досына сәлем бер».	сурет салу (дәстүрлен тыс: мақтамен бояу «Достар ойнап жүр»), жапсыру: «Ортақ ойыншық», құрастыру: легодан «Ойын алаңы», мүсіндеу: «Ойыншық дом». Қимыл-қозғалыс – «Бірге ойнайық».	Қоршаған әлеммен таныстыру – «Бөлісу – сыйластық» тақырыбында талқылау. сурет салу (дәстүрлен тыс: графартетпен бояу «Досыма сыйлық»), жапсыру: «Достық сыйы», құрастыру: қалдық материалдардан «Сый қорабы», мүсіндеу: «Тәттілер».	Қоршаған әлеммен таныстыру – «Досыма көмектесемін» (кітап жинау, ойыншық қою). Шығармашылық әрекеттер – сурет (дәстүрлен тыс: жіппен сурет «Досыма көмектесемін»), жапсыру: «Көмек қолы», құрастыру: текшелерден «Достар үйі», мүсіндеу: «Көмекші жануарлар».	Қоршаған әлеммен таныстыру – «Достар бірлікте» тақырыбы, бірге ойнағанда көмектесу. Шығармашылық әрекеттер – сурет (дәстүрлен тыс: құммен сурет «Достар бірге»), жапсыру: «Достар қол ұстасып тұр», құрастыру: табиғи материалдардан «Достар алаңы», мүсіндеу: «Достар мүсіні». Қимыл-қозғалыс – «Менің достарым» би-ойыны.
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту Ойын «Жаңылтпаш айт» – жеңіл жаңылтпашты қайталау (мыс: «Қара қарға қарқылдайды»).	Қазақ тілі Ойын «Сөзді жалғастыр» – тәрбиеші бастайды: «Алма...», бала: «қызыл алма».	Математика негіздері Ойын «Қайсысы үлкен?» – екі затты салыстырып айту (үлкен-кіші).	Қоршаған әлеммен таныстырумен Ойын «Жануарды тап» – суреттен жануарды көрсетіп, атын атау.	Еңбек Ойын «Таза алаң» – еденнен қағаз қиындыларын жинау.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқсастықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарлы бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Жасыл жарық» – Қызыл жарық» Мақсаты: Тыңдау, нұсқауды орындау, тоқтау мен жүру дағдыларын дамыту. Шарты: «Жасыл жарық» жүгіру, «Қызыл жарық» – тоқтау.	«Күш сынасу» Мақсаты: Бұлшық ет күшін, командалық жұмыс дағдысын жетілдіру. Шарты: Арқан тарту – екі топ бір-бірін өз жағына тартады.	«Ұшқыштар» Мақсаты: Қозғалыс үйлесімділігі мен бағдарлау қабілетін дамыту. Шарты: Балалар «ұшақ» болып, кедергілер арасымен белгілі бағытта ұшады	«Кім шапшаң доп жеткізеді?» Мақсаты: Допты басқару дағдысын жетілдіру. Шарты: Балалар допты аяқпен немесе қолмен белгіленген жерге жеткізеді.	«Аңшылық жарыс» Мақсаты: Жылдамдық, естілік және көз мөлшерін дамыту. Шарты: Балалар «аңдарды» (ойыншықтарды) таяқпен «қуып» белгіленген орынға апарады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу.				

	тамақты ауызды жауып шыныау, ауызды тамаққа толтырып сойлемсу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілерін еңбек әрекеті, «Үнемсіз тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қалғалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қолтасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз. Бүтінгі бақшалығы қызықтары туралы әңгімелесіп, сұрақ қойыңыз. Бірге үстел үсті ойын ойнап, логикасын дамытыңыз. Бірге сурет салып, күннің эсерлерін бейнелесіңіз. Күні бойы болған жақсы сәттерді бірге талқылаңыз. Баланы асықтырмай, оның өз бетінше киінуіне мүмкіндік беріңіз. Балаға «дәстүрімізбен жақсы ойнадың ба?» деп әңгімеге тарту. Баланы мақтап, жақсы қылығы үшін ата-аналық мақтанышпен білдіріңіз. Балаға «ертең тағы да бірге келеміз» деп сенімділік беріңіз.